 - Нормальної експлуатації, а також природного зношування, що не впливають на функціональні властивості: механічні пошкодження зовнішньої або внутрішньої поверхні (вм'ятини, подряпини, потертості), природні зміни кольору металу, у тому числі поява райдужних та темних плям, а також корозії на металі у місцях пошкодження поверхні та непокритих ділянках металу;
 - Зношування деталей оздоблення, ламп, батарей, захисних екранів, накопичувачів сміття, ременів, щіток та інших деталей з обмеженим строком використання;
 - Ремонту виробу, здійсненого особами або фірмами, що не є авторизованими сервісними центрами*.
 - Самостійного розбирання виробу, не передбаченого інструкцією з експлуатації, або будь-якого іншого стороннього втручання у його конструкцію.
5. Ця гарантія діє за умови пред'явлення оригіналу цього гарантійного талона, оригіналу товарного чека, виданого продавцем, та виробу, у якому виявлено дефекти.
6. Ця гарантія діє лише для виробів, що використовуються для особистих побутових потреб, та не розповсюджується на вироби, котрі використовуються з комерційною, промисловою та професійною метою.

З усіх питань гарантійного обслуговування виробів POLARIS звертайтеся до вашого місцевого офіційного продавця POLARIS.

У разі виявлення несправностей обладнання необхідно негайно зв'язатися із сервісним центром.

**Адреси авторизованих центрів обслуговування на сайті Компанії: www.polar.ru*

Постачальник не несе жодної відповідальності за збитки, пов'язані з пошкодженням виробу під час транспортування, внаслідок некоректного використання, а також у зв'язку із модифікацією або самостійним ремонтом виробу.

Электрлік миксер құрылғы тостағымен

Моделі PHM8522B

POLARIS

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің бұйымдар сапа, функционалдық және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған. Біздің фирмадан жаңа бұйым алғаныңызға риза болатыныңызға сенімдіміз.

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде толықтай, мұқият оқып шығыңыз, осы нұсқаулықтың барлық пайдалану ережелерімен мұқият танысыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат бар, сондай-ақ, құрылғыны дұрыс пайдалану және оған күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар және кеңестер берілген.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен бірге, мүмкіндігінше, картон қорапта және орама материалымен бірге сақтаңыз.

Мазмұны

1. Жалпы мәлімет	19
2. Құрылғының пайдалану аясы	20
3. Құрылғының сипаттамасы	20
4. Құрылғыны іске қоспас бұрын пайдалануға дайындау	21
5. Жұмыс тәртібі	21
6. Егер сізде қандай да бір қиындық туындаса	23
7. Тазарту және күтім	23
8. Осы электрлік миксер құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі сақтық шаралары	25
9. Тұрмыстық электрлік құрылғылармен пайдалану барысындағы қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар	26
10. Құрылғының жиынтықтылығы	28
11. Құрылғының техникалық сипаттамалары	28
12. Сертификаттау жөніндегі ақпарат	29
13. Кепілдік міндеттеме	30

1. Жалпы мәлімет

Бұл пайдалану бойынша нұсқаулық, моделі PHM 8522B POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын, сұйық әрі сусымалы тағамдық өнімдерді езіп араластыруға және әртүрлі тұздықтарды әзірлеу үшін арналған электрлік миксер құрылғы тостағымен бірге құрастырып жиналған (бұдан әрі мәтін бойынша – миксер құрылғы, құрылғы) жөніндегі техникалық деректері мен сипаттамаларымен, оның құрылғысымен, сонымен қатар құрылғыны сақтау және пайдалану бойынша ережелермен танысуға арналған.

2. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ПАЙДАЛАНУ АЯСЫ


- Бұл тұрмыстық электрлік миксер құрылғы тек қана үйде, тұрмыстық мақсатта осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықтың ережелері мен талаптарына сәйкес пайдалануға арналған:
 - дүкен қызметкерлерінің тамақтанатын орындарында, кеңселерде, фермерлік шаруашылықта және басқа да жұмыс орындарында;
 - тұруға арналған қонақ үйлерде, сондай-ақ, тұтынушылардың уақытша тоқтайтын, тамақтанатын және бос уақыттарын өткізетін мейманхана сияқты және басқа да тұруға арналған жанұялық демалыс орындарында;
 - түнеуге және таңғы асты ішуге арналған орындарда пайдалануға арналған.
- Құрылғыны өнеркәсіптік және коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады, сондай-ақ, тамақ емес өнімдерді өңдеуге арналмаған.
- Өндіруші осы пайдалану жөніндегі Нұсқауда қарастырылмаған немесе дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.

3. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Электрлік миксер құрылғы тостағымен бірге құрастырып жиналған, бұл тостағы бар электрлік миксері құрылғымен бірге оның жеткізілім жиынтықтығына кіретін езгіштер мен көпішірткі қондырмаларын пайдалану арқылы Сіз сұйық және сусымалы тағамдық өнімдерді араластыра аласыз, сондай-ақ, соустар (тұздықтар) мен десерттерді (майонезді, шайқалған кілегей, пудингтерді және түрлі коктейльдерді) әзірлей аласыз, сонымен қатар оның қамырды илеуге арналған ілгектері мен қалақтарын пайдалана отырып түрлі консистенциядағы қамырды илей аласыз.

Электрлік миксер құрылғының ерекшеліктері:

- Резеңкелеген тұтқасы мен сорғыштың жылжымайтын аяқтары пайдалануға өте қолайлы.
- Миксер құрылғы берік түрде ұстағышқа бекітіледі, бұл Сіздің қолыңыздың босауына жағдай жасайды.
- Алынбалы тостағының механикалық жетегі бар, бұл қолмен жеңіл түрде құрылғының қондырмаларын бір жақтан екінші жаққа қарай айналдыруға болады, сонымен бірге электрлік миксер құрылғының қуаттылығын сақтай бұл тағамдық өнімдерді біркелкі етіп араластырып алуға мүмкіндік береді, себебі айналдыруға кеткен күш қолдан келеді.
- Миксер құрылғыны ұстағышсыз, қол режимінде, сондай-ақ тағамдық өнімдерді араластыруға жарайтын кез келген тостақпен не ыдыспен пайдалануға болады.



- A. Тостақ
- B. Қол миксері
- C. Қондырмаларды босатып, шешіп алуға арналған батырмасы
- D. Қондырмалардың айналу жылдамдығын ауыстырып қосатын ауыстырғыш тетігі
- E. Қол миксерді бекітуден шығару батырмасы
- F. Құрылғының корпусы
- G. Езгіштер
- H. I. Ұн араластырып қамыр илеуге арналған ілгектер

4. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСПАС БҰРЫН ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ

- Құрылғының қаптама қорабын ашып, құрылғыны абайлап алып шығарыңыз, содан кейін құрылғыны және оның жеткізілім жиынтықтылығын тексеріп шығыңыз, құралмен бірге жеткізілетін барлық бұйымдардың зақымдалмағанына көз жеткізіңіз, сонымен қатар құрылғының жеткізілім жиынтықтылығына кіретін барлық бөлшектерінің және керек-жарақтарының болуын тексеріңіз, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың («Құрылғының жиынтықтылығы») тарауын қарап шығыңыз.
- Құрылғыны желіге жалғастырмас бұрын, алдымен оны қарап шығыңыз. Құрылғының қуат беретін электр желілік баусымын және оның жеткізілім жиынтықтылығына кіретін барлық бөлшектері мен керек-жарақтарын тексеріңіз. Құрылғының қуат беретін электр желілік баусымның қандай да бір ақаулығы бар ма тексеріңіз, сонымен қатар бұл құрылғымен бірге жеткізілетін барлық бұйымдардың және оның қуат беретін электр желілік баусымның зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны алғаш рет пайдаланудың алдында, оның тағамдық өнімдермен жанасатын барлық бөлшектері мен керек-жарақтарын жақсылап жылы сабынды суда жуып, таза суда шайып шығыңыз, содан кейін құрғақ матамен сүртіп, құрғатыңыз.


5. ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

1. Құрылғының тостағын ұстағыштың түпқоймасына орнатыңыз.



2. Қажетті тағамдық қоспалардың барлығын құрылғының тостағына салыңыз.
3. Миксер құрылғының қуат беретін электр желілік баусымын толығымен тарқатыңыз.
4. Қажетті қондырманы құрылғыға ол жақсылап бекітілгенше орнатыңыз.

Назар аударыңыздар: Құрылғыға қамыр илеуге арналған ілгек қондырмаларын орнату барысында – шектеуіші бар қамыр илеуге арналған қондырмалары диаметрі үлкен ұяшыққа орнатылады, ал шектеуіші жоқ қондырмалары диаметрі кіші ұяшыққа орнатылады.



Назар аударыңыздар!

Бұл миксер құрылғымен бірге тек қана оның жеткізілім жиынтықтылығына кіретін езгіштермен бірге ұн араластырып, қамыр илейтін ілгектерді ғана пайдаланыңыз. Езгіш пен қамыр илейтін ілгекті бір мезетте пайдалануға тыйым салынады, тек бір түрдегі қондырмаларды орнатып, пайдалануға рұқсат етіледі, езгіш қондырмасын ұн араластырып, қамырды илеуге арналған ілгек қондырмасымен бірге ҚОЛДАҢБАҢЫЗ. *Езгіш қондырмаларын тек соус, тұздық, шайқалған кілегей, картон езбесі, майонез, кремдер мен жеңіл ашытқан емес қамырды әзірлеу үшін қолданыңыз. Ал қамыр илейтін ілгек қондырмалары тек қою өнімдерді араластыру үшін пайдаланылады, мысалы, тоқаш, үгілмелі, ашытқан және картон қамырын илеу үшін, сондай-ақ, ет жентегін, паста немесе нанға арналған қамырды араластыру үшін қажет.*

5. Құрылғының миксер бөлігін ұстағышқа орнатып, бекітіңіз. Құрылғы дұрыс орнатылған жағдайда шертпек секілді сыртыл еткен дыбыс естіледі.



6. Құрылғының қуат беретін электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін ашалы розеткаға жалғастырып, қосыңыз. Қондырмалардың айналу жылдамдығын ауыстырып қосатын ауыстырғыш тетігі «0» нөлдік күйінде, яғни сөндіру қалпында тұрғандығына көз жеткізіңіз.
7. Миксер құрылғыны іске қосыңыз. Тағамдық өнімдердің жан-жаққа шашырамауы үшін құрылғының ең төменгі жылдамдылығын орнатып қойыңыз, содан кейін құрылғының жылдамдылығын құрылғы қондырмаларының айналу жылдамдылығын ауыстырып қосатын ауыстырғыш тетігінің көмегімен жайлап біртіндеп ұлғайтыңыз. Шайқалатын тағамдық өнімдердің қоспасы құрылғыдағы қондырмалардың жұмыс бөліктерінен аспауы тиіс. Тағамдық өнімдерді біркелкі етіп араластырып алу үшін құрылғының тостағын қолмен бұраңыз.

Назар аударыңыздар!

Жұмыс барысында миксер құрылғының сыртқы бөлігіндегі ауа шығатын желдеткіш саңылауларын жаппаңыз, бұл мотордың қызуына алып келуі мүмкін.

Егер құрылғының тостағында тағамдық өнімдердің мөлшері 170 гр аз болса, миксер құрылғыны ұстағышқа орнатып қолданбаңыз.

Назар аударыңыздар!

Іске қосылып тұрған миксерді ұстағыштан алуға тыйым салынады.

Қондырмалардың айналу жылдамдығын орнату

- Миксер құрылғы 5-сатылы жылдамдықты ауыстырғышқа ие, оған қоса «Турбо» жылдамдықты күшейту режимі де жатады, бұл Турбо режимі (ауыстырғыш тетігінде Т әріппен белгіленген).
- Миксер құрылғыны жылдамдықты күшейту («Турбо») режиміне ауыстырған кезде қондырмалардың айналым саны үдетіліп, ең жоғары дәрежесіне жетуі мүмкін.
- Құрылғының қолданылу мақсатына байланысты қондырмалардың айналу жылдамдығын орнатудың келесідей параметрлері ұсынылады:

Төменгі	1	Тәтті және үгілмелі қамыр жасауға ұн, сусымалы өнімдер мен
	2	сұйықтықтарды араластыру, сұлы және шоколад печеньеесін жасау үшін жаңғақ, мейізді қою үгілмелі қамырға араластырып, илеу үшін қажет.
Орташа	3	Кекс, вафли, құймақ және тез әзірленетін нанға сұйық қамырды араластырып илеу, соус пен пудинг әзірлеу үшін қолданылады.
	4	Майды қантпен араластыру, тәтті және үгілмелі қамырға жұмыртқаны көпіршіту, торттар мен глазурьге арналған қамырды әзірлеу. Жұмыртқа, мұздатылған десерттерді көпіршіту, сұйық тәтті қамырды әзірлеу, мысалы: пончик үшін.
ЖОҒАРЫ	5	Бал қаймақ секілді тәттілерді әзірлеу, жұмыртқаны көпіршіту, картоп пен турнепс, асқабақ секілді өзге де көкөністерден езбе дайындау.
«Турбо»		Қондырмалардың айналу жылдамдығын тездетеді. Жеңіл крем мен безе көпіршітуге арналған жылдамдық. Қамырды араластыру үшін қолданбаңыз.

8. Миксер құрылғыны пайдаланып болған соң, оның жылдамдылығын, яғни құрылғы қондырмалардың айналу жылдамдылығын ауыстырып қосатын ауыстырғыш тетігін «0» нөлдік, яғни сөндірілу қалпына бұрап орнатыңыз да, құрылғының электрмен қоректендіретін желілік баусымының айыртетігін жалғасып тұрған электрлік қоректену желісінен ажыратыңыз.
9. Қол миксерді бекітуден шығару батырмасына басыңыз да, абайлықпен ұстағыштан миксер бөлігін шешіп алыңыз.
10. Қондырмаларды босатып, шешіп алу батырмасына басу арқылы құрылғының қондырмаларын ажыратып, шешіп алыңыз.

6. ЕГЕР СІЗДЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ҚЫЙЫНДЫҚ ТУЫНДАСА

Егер миксер құрылғы іске қосылмаса, электр көзінде тоқ барына көз жеткізіңіз, тоқ бар болса құрылғының электрмен қоректендіретін желілік баусымын тексеріңіз:

- құрылғының электр желіге жалғасып, қосылып тұрғандығын тексеріңіз;
- миксер құрылғының электрмен қоректендіретін желілік баусымының айыртетігін жалғасып тұрған электрлік қоректену желісінен ажыратыңыз да, оны өзге ашалы розеткаға қайта қосыңыз.

Егер Сіз осы жоғарыдағы көрсетілген кеңестерді басшылыққа ала отырып, аталған әрекеттерді орындағанда миксер сонда да іске қосылмаса, авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

7. ТАЗАРТУ ЖӘНЕ КҮТІМ

- Миксер құрылғымен пайдаланып болғаннан кейін тазартуды кеш уақытқа қалдырмай оны әрбір пайдаланудан кейін бірден орындауға кеңіс беріледі.
- Миксер құрылғыны тазартпас бұрын, оны сөндіріп, оның электрмен қоректендіретін желілік баусымының айыртетігін жалғасып тұрған электрлік қоректену желісінен ажыратыңыз. Содан кейін құрылғының ұстағышынан миксер бөлігін ажыратып алыңыз да, содан кейін миксер бөлігінен орнатылған қондырмаларды сәл айналдыра бұра қозғап босатыңыз да, шешіп алыңыз.
- Миксер құрылғының сыртқы корпусын, оның жеткізілім жиынтықтылығына кіретін барлық бөлшектері мен керек-жарақтарын, яғни оның тостағы мен ұстағышын, сонымен қатар қондырмаларды тазартып, күтім жасау барысында абразивті және агрессивті заттары бар жуғыш не тазартқыш құралдарды, сонымен қатар органикалық ерітінділерді пайдалануға ТЫЙЫМ салынады.
- Миксер құрылғымен пайдаланып болғаннан кейін, қолданылған құрылғының тостағын, сондай-ақ, оның қолданылған қондырмаларын ыдыс-аяқ жууға арналған құрылғыларды пайдалану арқылы жылы ағын судың астында жұмсақ ысқышпен немесе жұмсақ түкті қылшақтарды қолданып жуыңыз да, содан кейін салқын судың астында шайып шығыңыз. Миксер құрылғының тостағын және оның қондырмаларын ыдыс жууға арналған машинада жууға рұқсат етіледі. Ыдыс жуғыш машинаны пайдалану барысында тостақ пен қондырмаларды бүлдіріп алмас үшін ыдыс жуғыш құрылғыға берілген нұсқаулықтың талаптары мен нұсқауларын және ыдыс жууға пайдаланылатын тазарту құрылғыларының қаптамасында өндіруші берген сипаттамаларын басшылыққа алыңыз.
- Миксер құрылғының сыртқы корпусын және оның ұстағышын жұмсақ, дымқыл шүберекпен сүртіп шығыңыз.
- Миксер құрылғының барлық бөліктері мен бөлшектерін құрғақ сулықпен жақсылап сүртіп шығыңыз немесе ашық ауада құрылғының барлық бөліктері мен бөлшектері әбден толықтай құрғақ болғанша құрғатыңыз.

- Миксер құрылғыны жуып, шайып, кептірген соң, оның электрмен қоректендіретін желілік баусымын құрылғының сыртқы бөлігін айналдыра орай жиналған күйінде сақтауға болады (ол үшін арнайы саңылаулы қима бөлігі бар).
- Миксер құрылғыны тасымалдау үшін, яғни оны өзге жерге апару барысында оның түпнұсқалық зауыттық қаптама қорабын пайдаланыңыз.
- Миксер құрылғыны балалар мен мүмкіндігі шектеулі адамдардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.



Назар аударыңыздар! Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін электр құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Сөйтіп, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.



Осы құрылғыны пайдалану барысында жарақаттанып қалу мүмкіндігін болдырмау мақсатында, сондай-ақ бұл құрылғының бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін, сонымен қатар өрт қаупі бар жағдайларды болдырмау үшін осы нұсқалықта берілген барлық қауіпсіздік жөніндегі талаптары мен ережелерін және де, тұрмыстық электрлі құрылғылармен пайдалану кезіндегі қауіпсіздік бойынша барлық қолданыстағы жалпы нұсқауларын және техникалық пайдалану қағидаларын, сонымен бірге бұл құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі негізгі сақтық шараларын қатаң сақтау қажет.

Құрылғыны сақтау жөніндегі ережелер

Электрлі құрылғылар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C -тан аспайтын, және салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды, сондай-ақ, электрлі құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс..

Құрылғыны тасымалдау жөніндегі ережелер

Электрлі құрылғыларды тасымалданатын нақты бір көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау және жүк тиеу-түсіру жұмыстарын қамтамасыз ететін жүкті тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көлік құралдарының кез келген түрінде тасымалдайды. Құрылғыны тасымалдау барысында түпнұсқалық зауыттық орама мен қаптама қорабын пайдаланыңыз.

Құрылғыларды тасымалдау барысында оларды тікелей механикалық бұлінулерден, қызудан, оған тіке күн сәулесінің, атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессивті жемірлі орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін жоғарыда аталған әсерлердің кездейсоқ тигізу мүмкіндігін болдырмауы керек.

Бұл миксер құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері

Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері белгіленген емес.

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату жөніндегі талаптар

Құралдың құрамына кіретін көптеген материалдары қоршаған орта үшін зиянсыз материалдардан жасалғандықтан, екінші қайтара пайдалану немесе өңдеуге жарамды. Бұл құралдың қызмет көрсету мерзімі аяқталғаннан кейін құралды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Оны одан әрі кәдеге жарату үшін арнайы орынға өткізіңіз.

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату барысында пайда болатын қатты тұрмыстық қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.

Ескертпе: Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады.

РНМ – Polaris сауда таңбасымен шығарылатын тұрмыстық электрлік миксер құрылғы.

8. ОСЫ ЭЛЕКТРЛІК МИКСЕР ҚҰРЫЛҒЫМЕН ЖҰМЫС АТҚАРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Құрылғыны пайдалану барысында оның қозғалып тұрған бөліктеріне қасықты және қалақшаларды тигізбеңіз, бұл құрылғының зақымдауына әкеліп соғу мүмкін.
- Миксер құрылғыны пайдаланып, жұмыс істеп тұрған кезде оның ыдысына, яғни тостағына пышақ, қасық, шаңышқы және өзге де асүйлік жабдықтардың, аспаптардың немесе керек-жарақтардың, сонымен қатар, қандайда бөгде заттардың түспеуін қадағалаңыз.
- Жұмыс барысында миксердің сыртқы бөлігіндегі ауа шығатын желдеткіш саңылауларын жаппаңыз, бұл мотордың қызуына алып келуі мүмкін.
- Миксер құрылғы іске қосылып, жұмыс істеп тұрған кезде оның тостағына қант ұнтағы мен ұнды салмаңыз, себебі, бұл тағамдық өнімдердің тозаны миксер құрылғының сыртқы бөлігіндегі ауа шығатын желдеткіш саңылауларына кіріп кетуі мүмкін, сонымен құрылғы істен шығып, жарамсызданып қалады.
- Миксер құрылғымен пайдаланған кезде абай болыңыз, жарақат алмас үшін, киімнің бөлшектері мен саусақтарыңызды, шашыңызды миксер құрылғының қозғалатын бөлшектерінен қауіпсіз қашықтықта ұстаңыз.
- Миксер құрылғыны мұздатылған май мен қамыр сияқты қатты өнімдерді көпіршіту мен араластыру үшін қолданбаңыз. Құрылғының шамадан тыс жұмыс жүктелу әсерлерінің мүмкіндіктерін болдырмау үшін және миксер құрылғы бөлшектерінің істен шықпауы үшін мұндай өнімдерді жұмсармайынша жылыту қажет.
- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған миксер құрылғыны қадағалаусыз қалдырмаңыз.
- Құрылғының бөлшектерін, керек-жарақтарын немесе қондырмаларын ауыстырар алдында әрқашанда құрылғыны сөндіру қажет.
- Миксер құрылғы қондырмаларының мұқият жуылғанын үнемі қадағалаңыз.
- Миксер құрылғыны және оның ұстағышын суға БАТЫРЫП САЛМАҢЫЗ және де, ыдыс жуғыш машинада жумаңыз.
- Бұл миксер құрылғы ұзақ уақыт бойы үздіксіз жұмыс істеу үшін арналмаған, яғни құрылғының қызып кетуінен сақтау үшін оны ұзақ уақыт бойы үздіксіз пайдалануға болмайды, құрылғының үздіксіз жұмыс жасау уақытысы 5 минуттан аспауы қажет, сонымен құрылғымен әрбір 5 минут уақыт үздіксіз пайдаланған соң, құрылғыны келесі қолданар алдында 10 минут уақытқа үзіліс жасап тұру керек, бұл мотордың салқындауы үшін қажет.
- Қамыр илейтін ілгектерін қолдану барысында миксер құрылғының үздіксіз жұмыс уақытысы 1 немесе 2 минут, бұл қоспаның қоюлығына байланысты. Бұл миксер құрылғыны ұзақ уақыт бойы пайдаланбаңыз. Құрылғының қызып кетуіне жол бермес үшін құрылғымен бір немесе екі минут уақыт үздіксіз пайдаланған соң, құрылғының моторын суыту үшін 5 минут уақытқа үзіліс жасап тұру қажет.
- Құрылғының жұмыс істеуі барысында іске қосылып тұрған құрылғыдан орнатылған қондырмаларын ажыратып шығаруға тыйым салынады, құрылғыдағы қондырмалардың айналуы толығымен тоқтатылғанын күтіңіз, яғни құрылғыдағы қондырмалардың айналуы толығымен тоқтатылған кезде ғана миксер құрылғыдан қондырмаларды ажыратып шығаруға болады.
- Миксер құрылғы іске қосылып тұрған кезде, яғни құрылғының жұмыс істеуі барысында орнатылған қондырмаларды босатып, ажыратып алу үшін қолданылатын тетігін/батырмасын басуға мүлдем болмайды, сонымен қатар, құрылғының жұмыс істеуі барысында құрылғының миксер бөлігін ұстағышта орнықсыздандыру үшін

қолданылатын тетігін, яғни құрылғының миксер бөлігін бекітуден шығару батырмасына басуға тыйым салынады.

- Миксер құрылғы іске қосылып тұрған кезде, яғни құрылғының жұмыс істеуі барысында құрылғының миксер бөлігін ұстағыштан ажыратып алуға тыйым салынады.
- Құрылғымен бірге оның жеткізілім жиынтықтылығына кірмейтін қосымша аксессуарлар мен қондырмаларды пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Электрлік миксер құрылғыны және оның құрамдас бөліктерін немесе оның қандай да бөлшектері мен керек-жарақтарын бүлдіріп алмас үшін тоңазытқыш құрылғының мұздатқыш бөлігіне, сондай-ақ, тұмшапешке немесе қысқа микротолқынды пешке салмаңыз.
- Электрлік миксер құрылғы тамақ емес өнімдерді өңдеуге арналмаған, сонымен бұл миксер құрылғыны бояулар мен құрылыс қоспалар секілді тамақ емес өнімдерді араластыру үшін қолданбаңыз.

Назар аударыңыздар!

- Егер де, электр қуаты ауытқып кетсе, яғни электр қуатын беруін тоқтатқан болса бұл электрлік миксер құрылғы іске қосулы күйінде қалады.

9. ТҰРМЫСТЫҚ ЭЛЕКТРЛІК ҚҰРЫЛҒЫЛАРМЕН ПАЙДАЛАНУ БАРЫСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Бұл электрлік миксер құрылғы электр энергетикасы саласындағы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес пайдаланылуы тиіс, яғни құрылғының пайдалануы «Тұтынушылардың электрлі қондырғыларын техникалық пайдалану қағидалары» бойынша тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану тәртібін айқындайтын ережелерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Бұл құрылғы тек қана үйде тұрмыстық мақсатта пайдаланылуы тиіс. Электрлік миксер құрылғыны комерциялық аумақта жоғары жұмыс қарқындылығында пайдалану, бұл құрылғының шамадан тыс жүктелуіне әкеліп соғады, сонымен құрылғыны шамадан артық ауыр жүктемеде қолданылуы, оның жұмыс істеу мерзімін азайтып, істен шығуына немесе зақымдалуына әкеледі, сондай-ақ, пайдаланушының және оның айналасындағы адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін.
- Электрлік миксер құрылғы осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың ережелеріне сәйкес тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс.
- Әр жолы электрлік миксер құрылғыны іске қоспас бұрын, оны қарап шығыңыз. Құрылғының және оның электр желілік баусымның қандай да бір ақаулығы анықталған жағдайда, құрылғыны электрлі желіге, ашалы розеткаға қосуға мүлдем болмайды.
- Құрылғы еденге не жерге құлаған жағдайда, оның көзге анық көрінетін қандай да бір ақаулығы (зақымдауы) байқалған кезде, құрылғыны қолданбаңыз. Құрылғыны пайдаланбас бұрын оны білікті маманға көрсету қажет, оны тек қызмет көрсету орталығының қызметкері ғана тексеру тиіс.
- Егер Сіз құрылғының жұмыс жасау мүмкіндігіне күмән келтірсеңіз, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Аталмыш құрылғыны қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, білімі мен тәжірибесі жоқ немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеу үшін оларды қадағалап отырыңыз.
- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны қадағалаусыз қалдырмаңыз. Егер Сіз құрылғыны пайдаланбасаңыз, онда оны әркез сөндіріңіз. Құрылғыны зауыттық қаптама қорабында, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

- Аталмыш құрылғыны қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, кембағал, сезім мүкістігі бар немесе ақыл-есі кем, сондай-ақ, құрылғыны қолдану білімі мен тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Олар бұл құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс.
- Іске қосылып, жұмыс істеп тұрған құрылғыны қадағалаусыз қалдырмаңыз. Егер Сіз құрылғыны пайдаланбасаңыз, онда оны әркез сөндіріңіз. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Назар аударыңыздар!

- Электрлік миксер құрылғыны ванна, ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа ыдыстардың қасында пайдалануға болмайды. Құрылғы суға түсіп кеткен жағдайда, оның электр желілік баусымның айыртетігін бірден электрлік қоректену желіден ажыратыңыз. Сонымен, бұл кезде қолды суға малуға мүлдем болмайды. Құрылғыны екінші мәрте пайдаланудың алдында оны білікті маман тексеріп ашығуы керек.
- Құрылғыны бөлмежайдан тысқары жерде пайдаланбаңыз. Құрылғыны сүйір бұрыштарға соғылуынан сақтаңыз. Электрлік миксер құрылғыны және оның электрлі желілік баусымын қыздыру не жылу шығаратын көздерінен және өзге де электрлі құралдардан алыс қашықтықта орналастырыңыз, құрылғы және оның электрлі желілік баусымы ыстық ауаның тікелей күн көзіне, жоғары температураның әсеріне, тікелей күннің жарық сәулесінің және де жауын-шашындардың түсуіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп, яғни құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмайтындай етіп, сақталуы керек (электрлік миксер құрылғыны ешбір жағдайда суға немесе басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды). Ылғал қолыңызбен құрылғыны ұстауға болмайды. Электрлік миксер құрылғы дымқылданса, оның электр желілік баусымның айыртетігін бірден электрлік қоректену желіден ажыратыңыз.
 - Электрлік миксер құрылғыны тек қана ауыспалы тоқ көзіне ғана қосыңыз (~). Электрлік миксер құрылғыны электр желіге қоспас бұрын, электр желідегі қолданылатын электрлік параметрлерін тексеріңіз, бұл құрылғының техникалық сипаттамаларына сәйкес болғанына көз жеткізіңіз.
 - Кез келген ақау бола тұра электрлік миксер құрылғыны іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
 - Құрылғымен пайдаланып болғаннан кейін, құрылғыны және оның құрамдас бөліктерін немесе оның қандай да бөлшектері мен керек-жарақтарын немесе қондырмаларын тазартпас бұрын, және де құрылғының құрамдас бөліктері мен бөлшектерін не қондырмаларын орнатпас бұрын, немесе оларды бөлшектеу қажет болған жағдайда, сонымен қатар, бұл құрылғыны және оның құрамдас бөліктерін немесе оның қандай да бөлшектері мен керек-жарақтарын немесе қондырмаларын ауыстырар алдында, сондай-ақ, электрлік миксер құрылғы сынып, істен шыққан жағдайда, оны әрдайым электр желіден ажырату қажет.
 - Электрлік миксер құрылғының электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігін электр желіге жалғастырып қоспас бұрын, құрылғының жылдамдық режимдерінің ауыстырып қосатын тетігі, яғни қондырмалардың айналу жылдамдығын ауыстырып қосатын ауыстырғыш тетігі «0» нөлдік күйінде, яғни сөндірілу қалпында тұрғандығына көз жеткізіңіз.
 - Электр желінің шектен тыс жұмыс істеуіне жол бермеңіз, әйтпесе оқыс жағдай орын алуы мүмкін немесе бұл электрлік миксер құрылғының бүлінуіне әкеп соғуы мүмкін. Ол үшін үш жақты ұшайыр біріктіргіш құрылғыны немесе жалғастырғыш құрылғыны пайдалану арқылы өзге электр құрылғыларды бұл құрылғы қосылып тұрған электр ашалы розеткасына қоспаңыз. Ұзартқыш құрылғыны немесе үш жақты ұшайыр біріктіргіш құрылғыны пайдаланудың алдында оның зақымдалмағанына көз жеткіңіз.

- Электрлік миксер құрылғыны оның электрлік қоректену желілік баусымнан ұстап тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, электрлік миксер құрылғыны оның электр желілік баусымнан ұста, тартып электрлік қоректену желісінен ажыратуға тыйым салынады. Электрлік миксер құрылғының электр желілік баусымын электрлік қоректену желіден ажыратқан кезінде, тек қана оның электр желілік баусымның штепсельді айыртетігінен ұстаңыз.
- Құрылғының электр желілік баусымның штепсельді айыртетігін электрлік қоректену желісіне жалғастырып қосқан кезде немесе оның электр желілік баусымның штепсельді айыртетігін электрлік қоректену желісінен ажыратқан кезде, электр тоғымен зақымдалмау үшін, яғни электрлік тоқ соққысынан сақтану үшін, электрлік баусымның штепсельді айыртетігінің металл бөліктеріне қолыңызды тигізбеңіз.
- Құрылғының желілік баусымын тек қана білікті мамандар – қызмет көрсету орталығының қызметкерлері ғана ауыстыра алады. Жөндеу жұмыстарын біліктілігі жоқ немесе біліктілігі төмен деңгейдегі санаты жоқ тұлға тарапынан жасалған болса, бұл қолданушыны қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін.
- Кепілдік қызмет көрсету әрекетін сақтау мақсатында және техникалық мәселелерінің алдын алу үшін миксер құрылғыны өз бетіңізбен бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу жұмыстарын тек қызмет көрсету орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыруы керек.
- Электрлік миксер құрылғыны жөндеу үшін тек қана түпнұсқалы қосалқы бөлшектерді пайдалануға қажет.

10. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

1. Миксер құрылғы 1 дана;
2. Езгіштер 2 дана;
3. Ұн араластырып қамырды илеуге арналған қондырмалары (қамырды илеуге арналған ілмектері) 2 дана;
4. Миксер құрылғының тостағы 1 дана;
5. Ұстағышы 1 дана;
6. Қалақшасы 1 дана;
7. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық;
8. Қызмет көрсету орталықтарының тізімі;
9. Кепілдік талоны.

11. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Кернеуі: ~220 – 240 В.

Жиілігі: ~50 Гц.

Құрылғының номинал қуаттылығы: 200Вт.

Құрылғының максималды қуаттылығы: 850 Вт.

Қорғаныс жіктелімі – II.

Тостақтың көлемі (сыйымдылығы): 3,7 л.

Ескертпе: Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашлық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады.

РНМ – Polaris сауда таңбасымен шығарылатын тұрмыстық электрлік миксер құрылғы.

12. СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

Құрлығы РФ нормативті құжаттарына сәйкестікке сертификатталған.



Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі:

3 жыл.

Кепілдік мерзімі:

2жыл сатып алған күннен бастап санағанда.

Құрылғының өнделіп шығарылған күні мен жылы жөніндегі ақпарат құрылғының сыртқы жағында көрсетілген.

Өндіруші:

Limited Liability Company TEXTON CORPORATION - Жауапкершілігі шектеулі қоғам "ТЕКСТОН КОРПОРЕЙШН"

160 Greentree Drive, Suite 101, City Dover, Country of Kent, State of Delaware 19904, United States of America

160 Гринтри Драйв, 101 бөлмежайы, Дувр қаласы, Кент округі, Делавэр Штаты, 19904, Америка Құрама Штаттары

Зауытта:

ГУАНДУН БЕАР ЭЛЕКТРИК КО., ЛТД. №.5-2-1, өнеркәсіптік парк Фуань, Фую ауылы, Лелью қаласы, Шунде, Фошан, Гуандун провинциясы, Қытай

GUANGDONG BEAR ELECTRIC CO., LTD. No.5-2-1, Fuan Industrial Park, Fuyu Village, Leliu Town, Shunde, Foshan City, Guangdong Province, China

13. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ

Бұйым: Электрлік миксер құрылғы тостағымен

Модель: PHM 8522B

Бұл кепілдік әрекеттегі заңдылықпен бекітілген тұтынушының құқығына қосымша ретінде өндірушімен берілген, және тұтынушының құқығын еш шектемейді.

Бұл кепілдік бұйымды сатып алған күннен 24 ай бойына әрекетте болады, және материалдар мен жұмыс істеуіне байланысты ақаулар табылған жағдайда кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді. Бұл жағдайда тұтынушы басқасын қоса алғанда, бұйымды тегін жөндетуге құқықты. Бұл кепілдік келесі шарттарды сақтағанда, жарамды:

1. Кепілдік міндеттеме «TEXTON CORPORATION LLC» компаниясы шығаратын барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан).

2. Бұйым тек қана тұрмыстық қажеттіліктерге пайдалану үшін сатып алынуы тиіс. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.

3. Өндірушінің міндеттемесін осы кепілдік бойынша сатушылар – өндірушінің уәкілетті дилерлері және ресми қызмет көрсететін (қызмет көрсету) орталықтар орындайды. Бұл кепілдік өндіруші құзырлық бермеген сатушылардан сатып алынған бұйымдарға таралмайды, олар тұтынушы алдында заңға сәйкес, өздігінен жауап береді.

4. Бұл кепілдік келесі жәйттердің нәтижесінде пайда болған ақауларды жөндеуге, сонымен қатар құрылғының қандай да бір сыртқы қабатының өзгерістері байқалған жағдайда таралмайды, егер де:

- Бұл кепілдік химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер болған жағдайда, сондай-ақ, бұйымның ішіне сұйықтық төгілген жағдайда, сонымен қатар, құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді бөгде заттардың бұйымның ішіне түсіп кетуі, сонымен бірге, бұл ақау микроорганизмдердің, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа секілді жәндіктер мен зиянкестер топтарының іс-әрекет, тіршілігінің салдары нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;;

- Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес, дұрыс пайдаланбағанда, оның жиынтықтығына кірмейтін, қосымша керек-жарақтарын пайдаланғанда, сондай-ақ, бұйымды техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;

- Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерінде тоттанудың салдарынан металлдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;

- Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;

- Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуі;

- Бұл кепілдік пайдалану бойынша нұсқаулықта қарастырылмаған бұйымды өздігінен жөндеу жұмысын жүргізу және құралдың конструкциясын бұзған жағдайда немесе оның құрылымымен өзге бір әрекеттерді орындап, оны өзгерту салдарынан туындаған ақауларға таралмайды.

5. Бұл кепілдік тек талонның түпнұсқасымен, сатушы берген тауарлы чектің түпнұсқасымен және ақау табылған бұйыммен бірге көрсеткенде ғана жарамды болмақ.

6. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

POLARIS бұйымдарына кепілдік қызмет көрсету мәселелері бойынша Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға хабарласыңыз.

Құрылғының ақаулы екендігі анықталса, тез арада қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет.

* Авторландырылған (өкілетті) сервистік орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында: www.polar.ru

Жеткізуші құрылғыны тасымалдау барысында, дұрыс емес пайдалану салдарынан, сондай-ақ, модификациялау (жаңадан жасау; қайта жасау; қайта құру; түрлендіру, өзгерту) құрылғының түрін өзгерту, түрлендіру, және құрылғының құрылымын қайта құрып, түрлендіру салдарынан, яғни қандай да бір модификациялық өзгерістерді енгізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін жауапты емес.